

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің №80 «Ботақан» балабақшасы МКҚК
Кезектен тыс педагогикалық кеңесінің
ХАТТАМАСЫ

Өткізу күні: 11.11.2021ж.

Қатысқандар: 16 педагог

Тақырыбы: 2021 жылғы 10 қарашадағы №133 Білім және ғылым
саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің бұйрығымен бекітілген
кестеге сәйкес мемлекеттік аттестаттау шеңберінде №80 «Ботақан»
балабақшасының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу.

Күн тәртібінде:

1. Педагогтарды ұжымының 2022 жылға мемлекеттік аттестаттау кестесімен және Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы ҚР БҒМ 2016 жылғы 2 ақпандағы №124 бұйрығымен таныстыру.
2. Бағалау өлшемшарттарына сәйкес №80 «Ботақан» балабақшасының өзін-өзі бағалауды өткізу жөніндегі комиссия құрамын бекіту.

I.Тыңдалды:

Сөзді балабақша меңгерушісі Жанар Сейткалықызы алды. Ол педагогтарды 2022 жылға арналған мемлекеттік аттестаттау кестесімен және Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы ҚР БҒМ 2016 жылғы 2 ақпандағы №124 бұйрығымен таныстырып өтті.

ҚР БҒМ БСБК 2021 жылғы 10 қыркүйектегі №700 бұйрығына сәйкес, бармай профилактикалық бақылаудың алдындағы білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауы белгілі бір кезеңдерден тұрады, олардың бірі білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауын жүргізу бойынша кезектен тыс педагогикалық кеңес өткізу болып табылады.

Балабақшаның білім беру қызметін өзін-өзі бағалау жүргізу кезінде зерделеудің негізгі бағыттары мен объектілері назарға алына отырып, өзін-өзі бағалауын кемінде бес (тақ саны) қызметкерінен тұратын комиссиямен жүргізу ұсынылады. Ұсыныстар енгізуді сұраймын деді.

Әдіскер Ж.Б.Ескеева әдістемелік ұсынымға сәйкес комиссия төрайымы болып балабақшаның бірінші анықтауды ұсынды.

Тәрбиеші Ж.К. Конакбаева комиссия құрамына осы жұмыстардың жауапкершілігі жүктелген әдіскер Ж.Б.Ескеева, тәрбиешілер М.Ә.Сатпаева, Ж.Ж.Жанакулова және педагог-психолог Ұ.Е. Мұхамбетәлі ұсынамын.

Педкеңеске қатысушылар комиссия мүшелерінің құрамына бірауыздан келісті.

Әдіскер: «Қарсы, қалыс бар ма?»

Шешімі:

1. Балабақшаны өзін-өзі бағалауын ұйымдастырып өткізу жөнінде келесі құрамда комиссия құрылсын:

1) Комиссия төрайымы – балабақша меңгерушісі Ж.С. Дюсенова;

Мүшелері:

2) Ж.Б.Ескеева әдіскер;

3) М.Ә.Сатпаева тәрбиеші;

4) Ж.Ж.Жанакулова тәрбиеші;

5) Ұ.Е.Мұхамбетәлі педагог-психолог;

Бірауыздан келісті – 15 адам, «қарсы» - жоқ; «қалыс» - жоқ.

2. 2022 жылдың 12 қаңтарына дейін комиссия өзін-өзі бағалау қорытындысын педагогикалық кеңесте білім беру процесінің барлық қатысушыларының назарына жеткізсін және нәтижелері бойынша қамқоршылық кеңес алдында есеп берілсін.

Төрайымы:



Ж.С.Дюсенова

Хатшы:



Ж.К. Конакбаева